# Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің кейбір мәселелері

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 19 тамыз N 916. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қарашадағы N 1756 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 51, 506-құжат):

3-тармақтың екінші абзацы "Автомобиль жолдары" деген сөздерден кейін " және инфрақұрылымдық кешен құрылысы" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацы "Автомобиль жолдары" деген сөздерден кейін " және инфрақұрылымдық кешен құрылысы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандағы N 151 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 5-6, 63-құжат):

тақырыбында және 1-тармағында "Автомобиль жолдары" деген сөздерден кейін "және инфрақұрылымдық кешен құрылысы" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті туралы ережеде :

тақырыбында "Автомобиль жолдары" деген сөздерден кейін "және инфрақұрылымдық кешен құрылысы" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацында:

"Автомобиль жолдары" деген сөздерден кейін "және инфрақұрылымдық кешен құрылысы" деген сөздермен толықтырылсын;

"автожолдар секторында" деген сөздерден кейін "және көліктік, ақпараттық және коммуникациялық кешен инфрақұрылымының құрылысы саласында" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ "Автомобиль жолдары" деген сөздерден кейін "және инфрақұрылымдық кешен құрылысы" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақта:

1) тармақша ", сондай-ақ көліктік, ақпараттық және коммуникациялық кешен инфрақұрылымы құрылысының бағдарламаларын әзірлеуге қатысу" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "қызмет көрсету" деген сөздерден кейін "және көліктік, ақпараттық және коммуникациялық кешен инфрақұрылымының құрылысы" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақта:

3) тармақша "жол шаруашылығы" деген сөздерден кейін "және көліктік, ақпараттық және коммуникациялық кешен инфрақұрылымының құрылысы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын;

"6-1) көліктік, ақпараттық және коммуникациялық кешен инфрақұрылымының мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;";

10) тармақша "жол секторын" деген сөздерден кейін "және көліктік ақпараттық және коммуникациялық кешен инфрақұрылымын" деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақтың 2) тармақшасы "автомобиль жолдарын" деген сөздерден кейін " және көліктік, ақпараттық және коммуникациялық кешен инфрақұрылымын" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК